


# НӘТИЖЕЛЕР

Атаулы әлеуметтік көмек  
**2020 жылы:**

- Ашық
- Әділ
- Еңбекке уәждемелеуші



**МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕК  
ШЫНЫМЕН МҰҚТАЖ  
АДАМДАРҒА КӨРСЕТИЛЕТІН  
БОЛАДЫ.**

**АТАУЛЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК  
КӨМЕК**

**ТӨЛЕУДІҢ ЖАҢА  
ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ**

[enbek.gov.kz](http://enbek.gov.kz)

# 2020 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН

бастап Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек төлеудің жаңа тәсілдемелері жұмыс істей бастайды.

2019 жылғы 9 айдың ішінде **415 647** отбасыға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді (**бұл 2 138 214 адам**), оның ішінде **1 335 965 балаға** көрсетілді.

Алушылардың қатарында  
**165 535** көпбалалы ана

Мемлекеттік қолдаудың жалпы сомасы  
**146,4 млрд теңгені** құрады.

Сонымен бірге, 2019 жылы көмек алуда

**73 814** заң бұзушылық фактілері анықталды.

**155 млн теңгеден**

астам қаражат мемлекет бюджетіне қайтарылды.

## АӘК КӨРСЕТУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛМЕДЕМЕЛЕРІ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН БОЛАДЫ?

### 01 Қазақстандағы БАРЛЫҚ көпбалалы аналарды қолдау

Көмек көпбалалы аналарға көрсетіледі. Бұл орайда, көмек мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты болады: **бала неғұрлым көп болса, көрсетілетін көмек мөлшері де соғұрлым жоғары болмақ.**

### 02 Мемлекет еңбекке қабілетті азаматтарға жұмыс табуға көмектеседі.

Жаңа ережелерге сәйкес, егер еңбекке қабілетті көмек алушы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартса, онда ол және оның отбасы атаулы әлеуметтік көмектен айырылады.

### 03 Учаскелік комиссиялардың өкілеттіліктерін күшейту

1. Отбасының материалдық жағдайын зерттеу мерзімі **3 күннен 7 күнге дейін** артады.

2. Учаскелік комиссияның АӘК ұсынудың қажеттілігі жоқ екендігі туралы қорытындысы АӘК тағайындаудан бас тартудағы басты негіздердің бірі болады.

### 04 Аз қамтамасыздандырылған отбасылардың балаларына арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет.

#### ▶ 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларға:

- Азық-түлік жиынтықтары
- Гигиеналық құралдар

#### ▶ 6-дан 18 жасқа дейінгі балаларға:

- Мектептердегі ыстық тамақ
- Жол жүру шығындары
- Мектеп киімдері мен оқу құралдары

▶ 1-ден 18 жасқа дейінгі балаларға **медициналық көмек**, оның ішінде стоматологиялық көмек ТМККК мен МӘМС шеңберінде көрсетіледі.